

"Кедендік декларацияға қатысты кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды, кедендік декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тауарлар шығарылғаннан кейін басталған тексеруді жүргізу туралы, сондай-ақ осындай тексеру жүргізудің нәтижелері туралы тұлғаны хабардар ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 ақпандығы № 292 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 589 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 19 маусымда № 18869 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кедендік декларацияға қатысты кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды, кедендік декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тауарлар шығарылғаннан кейін басталған тексеруді жүргізу туралы, сондай-ақ осындай тексеру жүргізудің нәтижелері туралы тұлғаны хабардар ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 ақпандығы № 292 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16598 болып тіркелді, Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 26 наурызда жарияланды) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Кедендік декларацияға қатысты кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды, кедендік декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тауарлар шығарылғаннан кейін басталған тексеруді жүргізу туралы, сондай-ақ осындай тексеру жүргізудің нәтижелері туралы тұлғаны хабардар ету қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (М.Е. Сұлтанғазиев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің

эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік көсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Зан қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2019 жылғы 17 маусымдағы
№ 589 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
2018 жылғы 26 ақпандығы
№ 292 бұйрығымен
бекітілген

Кедендей декларацияға қатысты кедендей, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, кедендей декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды, кедендей декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған мәліметтерді растайтын құжаттарды тауарлар шығарылғаннан кейін басталған тексеруді жүргізу туралы, сондай-ақ осындай тексеру жүргізудің нәтижелері туралы тұлғаны хабардар ету қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Кедендей декларацияға қатысты кедендей, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, кедендей декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды, кедендей декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тауарлар шығарылғаннан кейін басталған тексеруді жүргізу туралы, сондай-ақ осындай тексеру жүргізудің нәтижелері туралы тұлғаны хабардар ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан

"Республикасындағы кедендік реттеу туралы" 2017 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 411-бабының 2-тармағына сәйкес өзірленді және кедендік декларацияға қатысты кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды, кедендік декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тауарлар шығарылғаннан кейін басталған (бұдан әрі – кедендік, өзге құжаттар және (немесе) мәліметтер) тексеруді жүргізу туралы, сондай-ақ осындай тексеру жүргізудің нәтижелері туралы тұлғаны хабардар ету тәртібін айқындайды.

2-тaraу. Кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерге тексеруді жүргізу туралы, сондай-ақ осындай тексеру жүргізудің нәтижелері туралы тұлғаны хабардар ету тәртібі

2. Кедендік, өзге құжаттарға және (немесе) мәліметтерге тексеруді жүргізу кезінде мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы оған қатысты осындай тексеру жүргізілетін тұлғаны кедендік декларацияға қатысты кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды, кедендік декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тауарлар шығарылғаннан кейін басталған тексеруді жүргізу туралы хабарламаны, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жіберу жолымен хабардар етеді, сондай-ақ қажет болған кезде Кодекстің 426-бабына сәйкес кедендік бақылауды жүргізу үшін қажетті құжаттарды және (немесе) мәліметтерді сұратады және алады.

3. Кедендік, өзге құжаттарға және (немесе) мәліметтерге тексерудің аяқталуы бойынша мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы оған қатысты осындай тексеру жүргізілетін тұлғага осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кедендік декларацияға қатысты кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды, кедендік декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тауарлар шығарылғаннан кейін басталған тексеру жүргізудің нәтижелері туралы хабарламаны жолдайды.

4. Осы Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көзделген хабарламалар төменде келтірілген тәсілдердің бірімен жолданады және оған қатысты осындай тексеру жүргізілетін тұлғага мынадай жағдайларда:

- 1) хабарламамен тапсырыс хатпен пошта бойынша – оған қатысты осындай тексеру жүргізілетін тұлға пошта операторының хабарламасында белгі қойған күннен бастап;
- 2) электрондық тәсілмен – веб-қосымшада хабарламаны жеткізген күннен бастап табыс етілген деп саналады.

Бұл ретте осы Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көзделген хабарламалар электрондық тәсілмен:

"Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінің пайдалануышысы ретінде тіркелі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 321 бүйрығымен (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықытық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16596 болып тіркелген);

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 86-бабында белгіленген тәртіпте электрондық салық төлеуші ретінде тіркелген тексерілетін оған қатысты осындай тексеру жүргізілетін тұлғаға жолданады.

Кедендік декларацияға қатысты
кедендік, өзге құжаттарды және
(немесе) мәліметтерді, кедендік
декларацияда мәлімделген
мәліметтерді растайтын
құжаттарды, кедендік
декларацияларда мәлімделген
және (немесе) мемлекеттік
кірістер органдарына ұсынылған
құжаттардағы мәліметтерді
тауарлар шығарылғаннан кейін
басталған тексеруді жүргізу
туралы, сондай-ақ осындай
тексеру жүргізудің нәтижелері
туралы тұлғаны хабардар ету
қағидаларына

1-қосымша

нысан

Кедендік декларацияға қатысты кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді, кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды, кедендік декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік кірістер органдарына ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тауарлар шығарылғаннан кейін басталған тексеруді жүргізу туралы хабарлама

"___" 20 ___ жыл № _____

2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы
кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі – Кодекс)
411-бабы 2-тармағына сәйкес _____
(мемлекеттік кірістер органының атауы)

Сізге _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оған қатысты осындай тексеру жүргізілетін

тұлғаның толық атауы), жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН / БСН)

№ _____ кедендік декларация (лар) бойынша кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді тексеру жүргізілетіндігі туралы хабарлайды.

Кодектің 426-бабының негізінде осы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен кеш емес мерзімде кедендік бақылауды жүргізу үшін қажетті мынадай құжаттарды және (немесе) мәліметтерді табыс етуді сұраймыз:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

Мемлекеттік кірістер органының басшысы (басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы, мөрі)

Кедендік декларацияға қатысты
кедендік, өзге құжаттарды және
(немесе) мәліметтерді, кедендік
декларацияда мәлімделген
мәліметтерді растайтын
құжаттарды, кедендік
декларацияларда мәлімделген
және (немесе) мемлекеттік
кірістер органдарына ұсынылған
құжаттардағы мәліметтерді
тауарлар шығарылғаннан кейін
басталған тексеруді жүргізу
туралы, сондай-ақ осындай
тексеру жүргізудің нәтижелері
туралы тұлғаны хабардар ету
қағидаларына
2-қосымша
нысан

**Кедендік декларацияға қатысты кедендік, өзге құжаттарды және (немесе)
мәліметтерді, кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын
құжаттарды, кедендік декларацияларда мәлімделген және (немесе) мемлекеттік
кірістер органдарына ұсынылған құжаттардағы мәліметтерді тауарлар
шығарылғаннан кейін басталған тексеру жүргізудің нәтижелері туралы
хабарлама**

" ____ " 20 ____ жыл № _____

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 326-бабына және 2017 жылғы 26 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 411-бабына сәйкес кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді тексеру жүргізу туралы

" " 20 жылғы № _____ хабарламаның негізінде

Сізге _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оған қатысты осындай тексеру жүргізілген тұлғаның толық атауы), жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі (ЖСН / БСН)

1) _____

2) _____

3) _____

кедендік декларацияға, кедендік декларацияда мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарға, кедендік декларацияда мәлімделген және (немесе) кеден органдарына ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтерге (тіркеу нөмірлерін, деректемелердің күнін және ұсынылған құжаттардың атауын көрсете отырып) қатысты кедендік, өзге құжаттарды және (немесе) мәліметтерді тексеру жүргізілгені туралы хабарлайды.

Тексеру нәтижелері бойынша:



Бұзушылықтар анықталған жоқ.



Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасын қоса бере отырып, анықталған бұзушылықтар парақта.

Осы хабарлама өзіне қатысты осындай тексеру жүргізілген адамға жіберіледі.

Сонымен қатар, Кодекстің 417-бабы 3-тармағына және 418-бабының 10-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасының, Қазақстан Республикасының кеден және өзге де заңнамасының ықтимал бұзылуы туралы куәландыратын ақпарат кедендік тексеру жүргізу үшін негіз болып табылуы мүмкін екенін хабарлаймыз.

Мемлекеттік кірістер органының басшысы

(басшының орынбасары)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы, мөрі)